



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//4 НАУРЫЗ 2021 ЖЫЛ

↳ МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

ШАҒЫН БИЗНЕСТІҢ ШАРУАСЫ ШАТҚАЯҚТАП ТҰР

немесе әр кәсіпкер салыққа бес түрлі төлем төлейді



Елдегі шағын бизнес едәуір азайып, ауыр-ақ жағдай. Шағын және орта бизнесте жарты жыл ішінде бес мың кәсіпорын қысқарған. Бұған ең әуелі, әрине, карантин себеп. Сондықтан карантин салдарын жеңілдету жолын тездетіп қарастыру керек. Шағын және орта бизнесте салынатын салықты да азайтқан жөн, деген пікір айтады мамандар.

ТӨУЕКЕЛ БАҚАШ

2020-да пандемия әлем экономикасына ауыр соққы берді. Біздің елге де оңай соқпады. Қатты шығынға ұшыраған – шағын және орта бизнес. 2021 жылдың қаңтар айында іскерлік белсенділік индексі 48,4 тармаққа түсіп кеткен

(яғни 50-ден жоғары көрсеткіш оң өзгерісті білдіреді, ал 50-ден төмен болса, теріс көрсеткіш). Индекс жыл бойы теріс аймақта тұр. Бизнесті жүргізудің шарты нашарлады: көрсеткіш -1,9-дан -2,6-ға дейін төмендеді, деп хабарлайды Fingrom.

Дағдарыс туғызған мол проблеманың себебінен шағын бизнес жабылуға мәжбүр болды. Кіші кәсіпкерлік 2020 жылдың шілдесінде көп елі: елімізде 164,3 мың кәсіпорын болған. Осы сәттен бастап индикатор біртіндеп минусқа кетеді. Мәселен, биылғы қаңтар айындағы жағдайға қарасақ, елде 159,7 мың кәсіпорын бар, былтырғы шілдеге қарағанда 2,8%-ға аз. Яғни, жарты жыл ішінде шағын кәсіпорын саны 5 мыңға қысқарған.

Басты проблема қаражаттың

жетіспеуінен туады. Мысалы, 2020 жылдың төртінші тоқсанында айналымды қаржыландыру үшін көп кәсіпорын (83,5%) өз қаражатын пайдаланған. Осы мақсатта кәсіпорынның небәрі 17,6%-ы банктен қарыз алған (олардың 9,1%-ы бұрын ашылған кредит желісі бойынша транш пайдаланыпты).

Шағын және орта бизнесті несиелеуге сұраныс артып отыр. 2020 жылдың төртінші тоқсанында шағын және орта бизнес тарапынан кредит беруге сұраныс 3 есеге өсті. Осыған қарамастан, несие беру коэффициенті өте төмен: тек 37%-ы ғана ала алған (үшінші тоқсанда коэффициент одан да төмен болды - 26%).

Екінші деңгейлі банктер шағын және орта бизнесте несие беруге оңша құлықты емес. Елімізде «Даму» қоры жұмыс істейтіні

белгілі, оның қызметі микро, шағын және орта бизнесті қолдауға арналған. Осы қор өл-ауқаты төмен кәсіпкерді екінші деңгейлі банктер арқылы қаржыландырады. 2020 жылы «Бизнестің жол картасы-2025» аясында жобаларды іске асыруда банктің үлесі 98%, ал лизингтік компания мен микро-қаржы ұйымының үлесі 2% болды.

Іс жүзінде «Даму» қорының шағын және орта бизнесті қаржыландыруға арналған мол қаражаты бар. Биылғы I-ақпандағы жағдай бойынша екінші деңгейлі банктерде қордың 43,1 млрд теңге қаражаты тұр.

Ал карантинге байланысты бизнестің жұмыс режиміне шектеу әлі бар.

▶ ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЈАЛАР				
Risers	Last	%Δ1D	%Δ1M	
KZAP 02.03.21 17:30	9 499,00	+1,82	+25,32	
KZTK 02.03.21 17:30	27 270,00	+1,00	+3,89	
HSBK 02.03.21 17:30	137,10	+0,41	+2,31	
KEGC 02.03.21 17:30	1 678,00	+0,03	-0,43	
-	-	-	-	-
KASE Индексі 02.03.21 17:30	2 965,89	+0,04	+6,26	
АҚША НАРЫҒЫ				
Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M	
TONIA 02.03.21 17:15	9,32	-0,51	+1,17	
MM Index 02.03.21 17:52	9,30	-0,49	+1,17	
TRION 02.03.21 16:59	9,43	-0,40	+1,31	
SWAP-1D (USD) 02.03.21 17:05	8,18	+0,08	+0,26	
TWINA 02.03.21 16:21	9,06	+0,52	+0,75	
SWAP-2D (USD) 02.03.21 17:05	8,50	-0,41	+0,55	
КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР				
Deals	Yield	DTM		
SKKZh25 02.03.21	10,60	-		
KFUSb7 02.03.21	10,60	-		
BASPb7 02.03.21	9,25	-		
BRKZe10 02.03.21	8,95	-		
KAFlb9 02.03.21	11,60	-		
KAFlb10 02.03.21	11,85	-		
МЕМЛЕКЕТТІК БАФАЛЫ ҚАҒАЗДАР				
Deals	Yield	DTM		
UA_01_2811 02.03.21	6,80	-		
MUM120_0018 26.02.21	9,40	-		
MUM156_0006 26.02.21	9,40	-		
MUM108_0011 26.02.21	9,40	-		
MUM108_0013 26.02.21	9,40	-		
MUM108_0012 25.02.21	8,64	-		

▶ ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер		
KASE	2 965,89	0.04% ↑
FTSE 100	6 613,75	0.38% ↑
SAC 40	5 809,73	0.29% ↑
S&P 500	3 870,29	-0.81% ↓
Dow Jones	31 391,52	-0.46% ↓
Nikkei 225	29 473,50	0.22% ↑
DAX	14 039,80	0.19% ↑
Nasdaq	13 358,79	-1.69% ↓
03 Наурыз 2021		
Тауарлар		
Мұнай	62,97	0.43% ↑
Алтын	62,97	-0.03% ↓
Платина	1 205,20	-0.38% ↓
Палладий	2 363,50	0.04% ↑
Никель	18 677,50	-0.21% ↓
Алюминий	2 225,50	-0.02% ↓
Күміс	26 782	-0.36% ↓
03 Наурыз 2021		
Валюта нарықтары		
USD/KZT	420,040	0.06% ↑
EUR/KZT	507,700	0.05% ↑
USD/RUB	73,8083	-0.49% ↓
USD/CAD	1,2630	-0.01% ↓
USD/JPY	106,88	0.20% ↑
EUR/USD	1,2162	0.11% ↑
GBP/USD	1,3955	0.01% ↑
03 Наурыз		

↳ АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

Өңірдің өрлеуі бүгіннен басталады



Қай өңірдің болмасын орнықты дамуына нақты экономика әсері ғана емес, кейде тіпті әлеуметтік маңызды мәселелердің ықпалы сомдан кем емес екенін аңғарамыз. Бұл ретте туризм саласын дамытуда кешенді жобалар жүзеге асып жатқан Түркістан – түркі әлемінің астанасы ретінде әлемдік аренада Қазақстанның бөледіні бікітететін айрықша маңызды өлке. ЮНЕСКО-ның қорғау аймағындағы ғимараттар Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бікітігінен аспайды және де барлық жерде мавзолей көрініп тұрып тұр. Бұл аумақтағы ғимараттар мен баспаналар ортаазиялық үлгіде салынуда. Қазақы нақышта, ою-өрнектер қолданылады, деп хабарлайды Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

«КЕРУЕН САРАЙ» БОЙ КӨТЕРМЕК Шөкеев кезекті рет шаһардағы құрылыс жұмыстарының барысын бақылады. Өңір басшысының қатан

қадағалауымен жүргізіліп жатқан мәдени-рухани орталықтағы халықарулық деңгейдегі нысандар әлем туристерін қызықтыратын әрі тарихтан сыр шертетін ғажап орталыққа айналуда.

Түркістан қаласында шаһарға ерекше көрік беретін ауқымды жобалардың құрылысы жалғасуда. Солардың бірі де бірегейі – «Керуен-сарай» кешені.

Жоспар бойынша бұл кешен көне заманның ежелгі сауда аландарын еске түсіретін үлкен шығыс үлгісіндегі гранд-базарға айналады. «Керуен-сарай» аумағында қонақүйлер, кинотеатрлар, мейрамханалар, тарихи-сауда кешесі және жасанды көлмен қатар, кешенге жақын жерде «Керуен Сарай» тұрғын үй кешенінің көрінісі негізгі кешен мен көне қала орталығының жалпы келбетіне сәйкес, ежелгі қаланың рухын, қайталанбас үлгісі мен бірегей сәулетін сақтайды.

↳ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА



Озық өнеркәсіпке бетбұрыс

Индустрияландыруды одан әрі дамыту үшін кешенді, жүйелі тәсілдің қажеттілігін назарға ала отырып, Мемлекет басшысы Өнеркәсіптік саясат туралы заң жобасын әзірлеуді тапсырған болатын. Мақсатты саясат заманауи, өнімділігі жоғары, бәсекесіз қабілетті, экспорт бағдарындағы өнеркәсіпті жедел дамытуға арналған.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙТҚЫ

Осы ретте Сенаттағы Үкімет сағатында өнеркәсіптік саясатты заңнамалық реттеу, жай-күйі, проблемалары және шешу жолдары талқыланып, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Беллор Атамқұлов отандық өнеркәсіптің келешегі, саланы тежейтін факторлар туралы айтты.

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

Ынтымақтастық

Бауырлас елдердің бағалы үлесі



Пандемия салдарына қарамастан өткен жылдың қорытындысында Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда айналымы 3 млрд доллардан асты.

Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастарға 29 жыл толды. 1992 жылы екі елдің арасындағы сыртқы сауда айналым небәрі 30 млн доллар болған. Бауырлас елдер алдағы уақытта бұл көрсеткішті одан әрі арттырып, бастапқыда 5 млрд доллар, кейін 10 млрд долларға жеткізуді ортақ мақсат тұтып отыр. Түркия 1992 жылдан бастап Қазақстанға 4,3 миллиард доллар инвестиция құйса, Қазақстан Түркия

экономикасына 1 млрд доллардан астам инвестиция салды. Бүгінде түрік компаниялары елімізде құны 26 миллиард доллардан асатын мердігерлік жобалары іске асырды. Қазақстанда 2 700 түрік компаниясы жұмыс істейді.

Екі ел арасында бірқатар бірегей жобалар жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, «Түркия шәкіртақысы» атты бағдарлама аясында бүгінде дейін 4 500-ге жуық қазақстандық студент түрік жерінде білім алды. Қазірде шамамен 500-ге жуық қазақстандық студент Түркияда гранттық негізде білім алады. Қазақстанның тәуелсіздік алған жылда-

рымен тұспа-тұс құрылған Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті де екі елдің білім саласындағы ынтымақтастығына айқын мысал бола алады.

Екіжақты қарым-қатынастардан бөлек, көпжақты платформаларда да екі бауырлас ел үнемі үйлесімділік пен ынтымақтастыққа әрекет етеді. Түркі Кеңесі, Ислам ынтымақтастық ұйымы, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы және Азиядағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты күшейтуге арналған манғызды платформа — АӨШК сияқты ұйымдар аясында да тығыз байланыста.

Үкімет: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Сейсенбідегі Үкімет отырысында АӨК-ті дамыту және инвестициялық жобаларды іске асырудың негізгі бағыттары, сонымен қатар алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту мәселелері қаралды. Жұмыс төрағасы, Премьер-министр Асқар Мамин алдағы ауқымды міндеттерге тоқталып, манғызды тапсырмалар жүктелді.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

2020 жылдың қорытындысы бойынша агроөнеркәсіп кешені саласында іс жүзінде барлық мақсаткерліктер бойынша оң өсу серпіні байқалды. Жал-

шаруашылығы өнімдерін өңдеу бойынша бірқатар жобалар бар. Сондай-ақ бұл жобалар Мемлекет басшысының 7 ірі экожүйе құру тапсырмасына сай жүзеге асуда. Оның шеңберінде дәнді және майлы дақылдарды, жемістер мен көкөністерді, қантты, ет пен сүтті өндіру мен өңдеу экожүйелерін құру жөніндегі инвестициялық жобалар жоспарлануда. Мысалы, өсімдік шаруашылығында зәкірлік «BioOperations» ЖШС кәсіпорнымен Солтүстік Қазақстан облысында астық өндіру және өңдеу жөніндегі экожүйе құрылуда. Кооперация қағидаты бойынша экожүйе астықты тереңдетіп өңдейтін за-

а АӨК субъектілерін білім беру жүйесімен қауіпсіздік бойынша ұсыныстар енгізу тапсырылды. Жылда қаралған келесі тақырып — алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту шаралары. Бұл ретте Денсаулық сақтау министрлігі дерегіне, қазіргі уақытта халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмекті 7 мыңнан астам МСАК ұйымы көрсетеді, оның ішінде 2 991 медициналық пункт, 836 фельдшерлік-акушерлік пункт, 1 379 дәрігерлік амбулатория және 2 182 емхана бар. МСАК медициналық қызметтерін мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының 59%-ы және

Дамумен дәреже артады



пы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 5,6%-ға артып, 6,3 трлн теңгені құрды. Бұл ЕАЭО елдері арасындағы ең үлкен өсім. Агро-өнеркәсіп кешені одан әрі дамыту мақсатында ішкі нарықты 80%-дан асатын деңгейде азық-түлік тауарларымен молықтыру, 1 млн ауыл тұрғындарының табысын тұрақты көтеру, еңбек өнімділігін 2,5 есеге арттыру, өңделген өнім экспортын 2 есеге ұлғайту санды міндеттер қойылды. Ауыл шаруашылығы министрлігінен баяндалғандай, қазір импортты қысқартып позицияны айқындап, оларға қүсеті, шұжық өнімдері, ірімшік пен сүзбе, алма, қант және балық кіргізіліп отыр. Алдағы үш жылға арналған бағыттардың әрқайсысы бойынша инвестициялық жобалардың нақты пұлы айқындалды. Сүт өнімдері импорттың жалпы көлемі сүт шикізатына қайта есептенде шамамен 500 мың тоннаға құрайды. Молықтыру мәселесін өнеркәсіптік тауарлық сүт фермаларының қуаттылықтарын іске қосарып мен кенейтіп, отандық сүт зауыттарының жүктемесін толық игеру арқылы шешу көзделген. Сондықтан жыл сайын 35 өнеркәсіптік тауарлық сүт фермасын іске қосу қажет. Ал алманы жалпы тұтыну көлемі қазірде 344,3 мың тоннаға, импорт 144 мың тоннаға құрайды. Ішкі нарықты 6,6 мың га алаңда жана қарқынды бақтар салу есебінен молықтыру болжануда. Сондай-ақ қант тапшылығы да 240 мың тоннаға немесе қажеттіліктің жартысынан көбін құрайды. Ішкі нарықты молықтыру Алматы облысындағы қант зауытын жаңғырту, сондай-ақ Жамбыл облысында қуаты 150 мың тонна қант болатын жана қант зауытын салу есебінен болжанып отыр. Бұл ретте АШМ қосымша 175 мың тонна қант өндіру есебінен жетіспеушілікті шешіп, 80%-дық қамтамасыз ету көлеміне шықпақ. Балық өнімдерімен қамту — 60,8%. Ішкі нарықты молықтыру үшін өндіру қуаты 13,5 мың тонна балық болатын 8 жоба іске қосылатын болады. Бұл қамтамасыз ету көлемін 100%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Жалпы республика бойынша бес жыл ішінде 380 инвестициялық жобаны іске асыру қарастырылған, оның 65%-дан астамы импортты алмастыру аясындағы жобалар. Және де бұл тізбеге агроөнеркәсіп экспорттық әулетін ұлғайту, оның ішінде бардық алаңдары, репродукторлар, жылыжайлар, өсімдік

ұятты, құрамажем зауытын, құс кешенін, тауарлық сүт фермасын және осы кәсіпорындарды ауыл шаруашылығы шикізатымен қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы өндірушілерін біріктіреді. Осындай экожүйелер елдің барлық өңірлерінде өңірлік ерекшеліктер ескеріле отырып құрылатын болады. Сонымен қатар ауылда шағын несие беру жалғасады. Өткен жылдың өзінде бұл мақсатқа 43,2 млрд теңге бағытталды, оның 60%-ы — стар-туп-жобалар. Бағдарламаны іске асыру ауылда 11 мың тұрақты жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Алдағы бес жылда 250 млрд теңге сомасына 50 мың шағын несие беру жоспарланып отыр. Еңбек өнімділігін арттыру мақсатында агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдаудың тиімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл үшін өткен жылы министрлік субсидиялау тетіктерін қайта қараған, олар белгілі бір салаға баса назар аудармай, бірыңғай тәсілменді көздейтін болды. Сондай-ақ шағын және орта фермерлердің субсидиялауға қол жеткізу шектері өзгертілді. Мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыру үшін ағымдағы жылдан бастап бизнес үшін қарсы міндеттемелер кезен-кезеңімен енгізіледі. Базалық субсидиялау көлемін ұлғайту есебінен 2025 жылға қарай: ауыл шаруашылығы техникасын жанарту деңгейін 4%-дан 6%-ға дейін; минералды тыңайтқыштарды қолдану ғылыми негізделген норманың 21%-ынан 30%-ға дейін; IV репродукцияға дейінгі жоғары сапалы тұқымдарды енгізу деңгейін 97%-ға дейін жеткізу жоспарлануда. Бұл ретте мемлекеттік қолдаудың басты қағидаты оның тұрақтылығы мен сабақтастығы болады. Бұл ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне өз қызметін ұзақ мерзімді перспективаға болжауға мүмкіндік береді.

Үкімет басшысы әкімдер азық-түліктің негізгі түрлеріне бағаны тұрақтандыруға бақылауды күшейтіп, өңірлерде тұрақтандыру қорларын қалыптастыру тәсілдерін қайта қарауы, азық-түлікті форвардтық сатып алу тетіктерін неғұрлым кенінен пайдалануға назар аударуы қажеттігін ескертіп, Ауыл шаруашылығы министрлігіне Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп аграрлық ғылым мен білімді дамыту бағдарламасын әзірлеу, аграрлық ЖОО түлектерін жұмысқа орналастыру, сондай-

жеке меншік денсаулық сақтау ұйымдарының 41%-ы көрсетеді. Амбулаториялық емханалық көмекті қаржыландыру үлесі ТМҚК және МӘМС жалпы көлемінің 52,4%-ын құрайды. МСАК ұйымдарында 10 мыңға жуық дәрігер және 28 мың орта медицина қызметкері, оның ішінде ауылдық жерлердегі дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлерінің 47%-ы жұмыс істейді. Ағымдағы жылдың I қантарынан бастап медицина қызметкерлерінің жалақысы 30%-ға артты. БМСК дәрігерлерінің жүктемесін азайту бойынша үлкен жұмыс атқарылды, ағымдағы жылы жалпы практика дәрігерлерінің қолданыстағы ұчаскерлерінен қосымша 480 ұчаскер құрылды, БМСК-нің 63 жана объектісі салынды. Көлік медицинасы енгізілді, жал сайын жылжымалы медициналық кешендермен 1100 шаңиайлағы ауылдық елді мекендердің 1,2 млн тұрғыны қамтылады және 35 мыңға жуық науқас аман анықталды, өткен жылы қосымша 100 жылжымалы медициналық кешен сатып алынды. Осылайша, қолданыстағы 49 ЖМК ескере отырып, олардың жалпы саны 149 құрылды. Сондай-ақ республика бойынша МСАК ұйымдары ғимараттарының 55%-ға тозаң.

Үкімет басшысы ауылдарға жұмысқа белсенді тарту және жас медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қажеттігін атап өтті. «2025 жылдың соңына дейін 487 объект салу жоспарланған. Сонымен қатар 600-ден астам алғашқы медициналық көмек көрсету объектілерін күрделі жөндеуден өткізу қажет. Қабылданып жатқан шаралар, әсіресе ауылдық елді мекендері алғашқы медициналық көмекпен қамту аясын кеңейтеді», — деді А.Мамин.

Премьер-министр өңірлердің әкімдеріне бір ай мерзімде Денсаулық сақтау министрлігіне жалпы мен елді мекендер бойынша бөлінген алғашқы денсаулық сақтау объектілерінің инфрақұрылымын дамыту үшін жол картасын әзірлеп, жолдауды тапсырды. Әкімдіктерге Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, өңірлерде жана ұчаскерлер ашу, жеке секторды дамыту және тарту арқылы МСАК дәрігерлерінің жүктемесін азайтуды қамтамасыз ету, сондай-ақ жас медицина қызметкерлерін, әсіресе ауылға жұмысқа келген жас мамандарды материалдық ынталандыру шараларын қабылдау тапсырылды.

Көгілдір отын

Қай өңірде кәсіпорындар үшін газ арзан?



Газдың ең төменгі орташа құны Ақтөбе облысында. Мұнда көгілдір отынның 1 текше метрі 12 теңге тұрады. Бұл жалпы елдегі бағадан (м3 үшін 23 теңге) екі есе төмен.

Түркістан облысы мен Шымкент қаласында жанар-

мұнайдың ең жоғары орташа құны 1 текше метр үшін 35 теңге. Одан кейінгі орында Алматы облысы, онда 1 текше метр үшін баға 31 теңге.

Елдің барлық өнеркәсіп кәсіпорындарының табиғи газды тұтынуының жалпы көлемі 4,9 млрд текше метр. Ақпалы алғанда газды

тұтыну шығыстары 46 млрд теңге.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар табиғи газды Атырау облысында ең көп, ал Шығыс Қазақстан облысында ең аз тұтынады.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ және «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС газға ауыстыру жобалары бойынша 2022 жылдан бастап жылына 384 млн текше метр көгілдір отын қажет етеді. 2030 жылға қарай ол көрсеткіш жылына 670 млн текше метрге дейін артады. Бұл жобалар «Сарыарқа» магистралық газ құбырын іске қосу аясында іске асырылады. 20-дан астам жана инвестициялық жоба бойынша табиғи газға деген жылдық қажеттілік мөлшері 2025 жылға қарай 1,2 млрд текше метрді, 2030 жылға қарай 1,5 млрд текше метрді құрайды.

Нарық

Әуе компанияларының табысы азайды

Әуе компанияларының жылдық табысы 41%-ға төмендеді, жолаушылар тасымалы қызметі 6%-ға арзанды.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің дерегі бойынша, биыл қантарда еліміздің әуе компанияларының кірісі бытырғыммен салыстырғанда 19,6 млрд теңгеге — 40,8%-ға азайды. Оның ішінде жолаушылар тасымалынан түскен табыс 17,9 млрд теңге болса, жүк тасымалынан 1,7 млрд теңге кіріс кіркен.



33,1 млрд теңге болып, жылына 31,3%-ға арқан еді. Биыл қантарда елімізде 592,1 мың адам тасымалданды, бір жыл бұрынғымен

салыстырғанда 14,1%-ға аз. Жолаушылар айналымы жылына 38,7%-ға қысқарып, 845,7 млн жолаушы-шакырым болды.

Бытыр қантарда кіріс

БИЗНЕС&ӨНДІРІС

▶ **ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА**

> [11]

Өнеркәсіп секторы еліміздің экономикалық құрылымының төрттен бір бөлігін құрайды. Оның ішінде өңдеуші сала жартысына жуығын алып, соңғы 20 жылда алғаш рет ең жоғары көрсеткіш 48,7%-ға жетті. Өңдеуші өнеркәсіптің жалпы ішкі өнімдегі үлесі өткен жылы 12,7%-ды құрады. Индустрияландыру жылдарында енгізілген жаңа кәсіпорындар өңдеу өнеркәсібі өндірісі көлемінің өсуіне ықпал етті. Индустрияландыру картасы аясында соңғы 10 жылда шамамен 9,1 трлн теңге сомаға 1527 жоба іске қосылды. 212 мың жұмыс орны құрылып, 28,8 трлн теңгенің өнімі шығарылды. Кәсіпорындар 2020 жылы 13 трлн теңгенің өнімін өндірген. Индустрияландыру басталғаннан бері (2010-2020 жылдары) барлығы 84,5 трлн теңгенің өнімі өндірілді. Осы жылдар ішінде өңдеуші сектор кәсіпорындарынан түсетін салықтар жиынтығы 9 трлн теңгеден асып, 3 еседей өсті. Яғни, бүгінде өңдеуші өнеркәсіптен түсетін



Озық өнеркәсіпке бетбұрыс

салықтар индустрияландыру саясатын іске асыруға жұмсалған шығындардан 6,6 есе көп.

Дегенмен, жаңа тәсілдерді, қағида тты шешімдерді әзірлеуді талап ететін бірқатар жүйелі мәселелер әлі де ашық күйінде қалып отыр. Б. Атамқұлов бұлардың қатарына де импортталатын өнімнің жоғары үлесін, шикізатқа қолжетімділіктің шектелуін, цифрлық технологиялар пайдаланудың төмен деңгейін, сыртқы нарықта ілгерілету кезіндегі

өнеркәсібінің кәсіпорындарын ынталандырмаған абзал. «Отандық тауар өндірушілерді өндірілген өнімді жаңа, күрделірек қайта бөлуге ауысуға ынталандыру мақсатында орта және түпкілікті қайта өңдеудің басым тауарларының тізбесі енгізілді. Бұл тауарлар тізбесі шикізат сегментіне жататын тауарларды қоспағанда, шикізатқа жақын, өңдеу өнеркәсібінің барлық салаларын құрайтын 4 мыңнан астам тауардан тұрады», — деп ИИДМ басшысы.

даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, ал шетелдік инвестицияларды тарту Сыртқы істер министрлігінің міндетінде. Өнеркәсіптік саясатты үйлестіруді қамтамасыз ету үшін негізгі заң жобасында Премьер-министрдің орынбасары басқаратын Өнеркәсіптік саясат жөніндегі ведомстволық комиссия құру қарастырылған. Оған мүшелікке мемлекеттік органдар басшыларының орынбасарлары, өнеркәсіптік кәсіпорындардың

күшейту және операторларды тартуға жаңа жағдайлар жасау бөлігінде индустрияландыру картасын қалыптастыру бойынша жаңа тәсілдер бекітіледі. Шикізатты қайта өңдеуді тереңдету үшін Қазақстан аумағында өндірілмейтін шикізат пен жинақтауыштарды баждан босатуды көздейтін Стратегиялық өнім тізбесі енгізілді. Осы арқылы отандық шикізатқа қол жеткізуді қамтамасыз ету және жоғары сапалы өнім шығару тетігі пысықталды. Жабдықтарды жанарту, шығындарды бірлесіп қаржыландыру арқылы жаңа өндіріс құру мақсатында заң жобасымен ынталандырудың жаңа құралы — өнеркәсіптік грантты беру көзделген.

Сондай-ақ, фармацевтика және химия өнеркәсібін 2025 жылға дейін дамытуға арналған жол картасы жасалды. Фармацевтикалық кәсіпорындардың клиникалық және клиникаға дейінгі сынақтар жүргізуге, GMP стандарттарын енгізуге арналған шығыстарын субсидиялау мәселесі пысықталды. Бұл ЕАЭО нарығында дәрілік заттарды тіркеу бойынша отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай арттырады. Сонымен қатар елде дәрілік заттардың құнын төмендету мақсатында бірқатар импортталатын субстанциялар мен шикізатқа келендік баждарды төмендету мәселесі қарастырылды.

Ал, Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде азық-түлік және қайта өңдеу өнеркәсібінде жаңа шаралар қолға алынды. Шикізат сатып алуға жеңілдетілген несие беріледі. Оған бөлек, формартық сатып алу құралын дамыту (оның ішінде мемлекеттік сатып алу кезінде отандық азық-түлік тауарларының оффтейк-келісімшарттары арқылы) көзделген.



кедергілер мен шектеулер және өндірісті жаңғыртуға қаражаттың жетіспеуін атап көрсетті. Осыған байланысты заң жобасы қалайлы индустриялық қаныматы қамтамасыз етуді, бәсекеге қабілетті өндірістерді жолға қоюды, инновацияларды тиімді енгізуді, өнеркәсіпте елішілік құндылықты дамытудың негізгі міндеттері ретінде айқындайды. Осылайша, өнеркәсіп саласына қатысты жаңа заң жобасына отандық өнімдерді қолдау мақсатында «ел ішіндегі құндылық» ұғымы енгізіліп отыр. «Отандық өнеркәсіптік өнімді өткізу нарықтарында ілгерілету керек. Осы мақсатта заң жобасында бірінші кезекте өнімдері қосылған құнның жаһандық тізбегіне енуі мүмкін шетелдегі мекемелерімізбен жұмыс істейміз. Экспортқа бағдарланған өнеркәсіптік кәсіпорындарды қолдауға күш шоғырландырып, экспорттаушыларымызға сыртқы нарықтардағы кедергілерді (келендік, әкімшілік және басқа да тосқауылдарды) алып тастау мәселелерінде де жәрдемдесуге тиіспіз», — деп министр.

Өнеркәсіптік саясаттың мәні бойынша өндірістік нарықтың барлық қатысушыларына бірдей жағдай жасалуы керек. Заң жобасына экономикалық, әкімшілік, құқықтық, институционалдық және басқа жағдайларды қамтитын өнеркәсіптік климат ұғымы енгізілуде. Оның жай-күйін бақылауды Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрлігі жүзеге асырады. Нәтижелер болашақ кезеңдерге арналған өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру кезінде ескеріледі. Осы мониторинг негізінде басқару шешімдері қабылданып, мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігі бағаланады. Өнеркәсіптік саясатты және мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру үшін бірінші кезекте өндірісте сауда қызметі реттеліп, инвестиция тартылып, инновацияларды дамыту арқылы өнеркәсіптік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асырудың тиімді ведомстволық үйлестіруін қамтамасыз етудің тұрақты институционалдық базаны шоғырландыру қажет. Бүгінгі таңда өндіріске қатысты функциялар әртүрлі ведомстволар арасында бөлінген. Индустриялық даму Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, сауда саясаты және экономикалық интеграция Сауда және интеграция министрлігінің, инновациялық даму Цифрлық

өкілдері, қоғам қайраткерлері, депутаттар және басқа да мүдделі тұлғалар кіреді. Комиссияға жаңа ынталандыру шараларын енгізу, қолданыстағы ынталандыру шараларын қайта қарау және жою туралы Үкіметке ұсыныстар қалыптастыру міндеті секілді бірқатар қызығар берімік.



Отандық өнеркәсіптік бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелерін реттеу бірқатар бағыт бойынша жүзеге асырылады. Еңбек өнімділігін арттыру мониторингін өнеркәсіптік ынталандыру саласындағы үкелітеті орган тұрақты негізде жүзеге асырады. Инвестицияларды тарту мақсатында Бірыңғай инвестициялық карта әзірленеді. Өндірілді ынталандыру, олардың ролі мен жауапкершілігін

Қайта өңдеу кәсіпорындары құрылып, кеңейтіледі. Сапасыз, арзан импортқа қарсы күрес үшін мүдделі үкелітеті органдардың (ИСМ, ДСМ, АШМ) өзара іс-қимылын күшейтіп, заманауи сапа стандарттарын әзірлеу керек. Осылайша, жүргізіліп жатқан шаралар бірлестіріп өңдеу өнеркәсібінің өсімін қамтамасыз етіп, индустриялық саясаттың тиімді іске асырылуына елеулі ықпал етуі тиіс.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ **ҚАЗМҰНАЙГАЗ**

АЛҒАШҚЫ ОТАНДЫҚ БҰРҒЫЛАУ ҚОНДЫРҒЫСЫ

«Satti» отандық бұрғылау қондырғысы Каспий теңізінде 80 метрге дейінгі тереңдікте бұрғылау жұмыстарын жүргізеді.

Дубай қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (КМГ) және Әзірбайжанның мемлекеттік мұнай компаниясы (SOCAR) Каспий теңізінің әзірбайжандық секторында өзі көтерілетін қалқымалы «Satti» бұрғылау қондырғысын бірлесіп пайдалану туралы келісімге келді.

«KMG Drilling&Services» ЖШС (КМГ еншілес кәсіпорны) мен «Caspan Drilling Company Ltd» (SOCAR еншілес ұйымы) арасындағы бірлескен қызмет туралы келісім «Satti» қондырғысын пайдалану отырып, Каспий теңізінің әзірбайжандық бөлігіндегі Shallow Water Absheron Peninsula құрылымында 2 барлау және 1 опционық ұңғыманы бұрғылауды көздейді.

«Satti» — Қазақстанда құрастырылған алғашқы теңізегі бұрғылау қондырғысы. Ол Каспий теңізінде 80 метрге дейінгі тереңдікте бұрғылау жұмыстарын жүргізуге арналған. Алдыңғы жылы маусымда «Satti» қондырғысы жоғарыда аталған еншілес компаниялар арасындағы сенімді басқару келісімшарты аясында Баку қаласына жеткізілді. Келісімшартқа сәйкес бұрғылау қондырғысы жетілдірілетін болады. Нәтижесінде ол 6 000 метрден астам тереңдікте барлау ұңғымаларын қауіпсіз әрі тиімді бұрғылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

КМГ өкілдері атап өткендей, мұндай жобаларға қатысу отандық мұнай-газ саласының бәсекеге қабілеттілігін арттырып, теңізде бұрғылау жұмыстарын жүргізу ауқымын кеңейтуге көп ашлады.

▶ **ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНЕ ИНВЕСТИЦИЯ САЛМАҚ

«Самұрық-Қазына» тәуелсіз әл-ауқат қорларымен инвестициялық ынтымақтастық аясын кеңейтуде.

«Самұрық-Қазына» ҰӘК» АҚ басқарма төрағасы А.Есімов БАӨ-нің Mubadala Investment Company егеменді әл-ауқат қорының басшылығымен кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар ағымдағы ынтымақтастық пен экономиканың түрлі секторларында бірлесіп инвестициялау мүмкіндіктерін талқылады.

«Самұрық-Қазына» АҚ басшысы инвестициялық холдинг үлгісін өзгерту мен ауысуын ескере отырып, БАӨ-нің егеменді қорын жанарғылатын энергия көздері, тау-кен, телекоммуникация секторларында және инфрақұрылымдық жобалар сияқты басқа бағыттар бойынша одан әрі бірлесіп инвестициялауға шақырды. Кездесу қорытындысында стратегиялық құжаттарға қол қойылды.

«Самұрық-Қазына» мен Mubadala — Abu Dhabi Future Energy Company (Masdar) еншілес кәсіпорны Қазақстанда жанарғылатын энергия көздері секторын дамыту және зерделеу туралы меморандумға қол қойды. «KMG Drilling&Services» және «Caspan Drilling Company» Каспий теңізінің Әзірбайжан секторында «Satti» бұрғылау қондырғысымен ұңғымаларды бұрғылау туралы келісімге қол қойды, онда Әзірбайжандық SOCAR мен британдық British Petroleum бірлескен барлау жұмыстарын жүргізуде.

Сонымен қатар басқа әлеуетті инвесторлармен, оның ішінде Атырау облысындағы газ-химия кешені жобаларындағы ынтымақтастық бойынша келіссөздер жүргізілді. Бұл қышқ 2,6 млрд АҚШ доллары болатын «Полипропилен» зауытының құрылысы аяқталды. 2022 жылы өнімнің алғашқы партиясы шығарылды. Сондай-ақ «Полиэтилен» жобасын (86,5 млрд) іске асыру құжаттамасы әзірленіп, стратегиялық инвестор ізделірілуде. Газ химиясын дамытуда стратегиялық маңызды және Теңіз кен орны шикізатын терең өңдеуге бағытталған бұл жобаларды «Самұрық-Қазына» қоры жүзеге асырады. Оларды іске асыру алғаш рет ауқымды қайта өңдеу қуаттарын құруға, өнеркәсіптік және халық тұтыныатын өндірістердің кен спектрі үшін базалық өнім шығаруды реттеуге мүмкіндік береді.

▶ **ДЕПОЗИТ**

ЕҢ ТАБЫСТЫ САЛЫМ — БІРЖЫЛАДЫҚ ЖИНАҚ

Депозиттер бойынша сәуірге арналған сыйақы мөлшерлемесі бекітілді.

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБК) теңгелік депозиттер бойынша билғылы сәуір айына ұсынылатын ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін бекітті.

Ең табысты салым — әдеттегідей толтықтыру құқығы жоқ, мерзімі 12 айлық жинақ депозиттер, 14%. Теңгелік жинақ депозиттер бойынша жоғары мөлшерлемелермен қатар көтерінкі кепілдік сомасы да қарастырылған — 15 млн теңге. «2021 жылдың аяғында Қазақстанның Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесінің деңгейі қайта қаралмағандықтан, қысқа мерзімді депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер бұрынғы деңгейінде 9,0 қалды», деп хабарлады ҚДКБК баспасөз қызметі.

Мерзімді депозиттердің нарықтық мөлшерлемелерге тәуелді мөлшерлемелері де өзгеріссіз қалды. Өйткені жүйелік деңгейде тиісті өнімдер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелерге қатысты қандай да бір айтып үрдіс байқалған жоқ. Нарықта 24 айға ашылатын жинақ салымдары бойынша нарықтық мөлшерлемелердің төмендеу үрдісіне байланысты мөлшерлемелер аздап төмендеген.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Жетпібай БЕКБОЛАТУЛЫ, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

e-mail: Zhetspibay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Қаржы нарығындағы ахуал қалыпты

Наурыздың алғашқы аптасынан дүбірлеме бастап, маусымға іліккен соң ғана соғының басытын мейрам-мейрам, жиын-той атауы базардың нарқы мен парқын аспанаптап жіберетіні ақиқат...

Айтқандай-ақ, жыл басындағы инфляция және инфляциялық күтулер статистика мамандары болжағандай 0,6 пайыз болды.

Жастар жұмыссыздығының деңгейі 1-инфографика Жастар жұмыссыздығы, 15-28 жастағы адамдар саны, IV тоқсан (мың адам) 2015/IV 2016/IV 2017/IV 2018/IV 2019/IV 2020/IV

ЕНБЕК НАРЫҒЫ

Жұмыссыздардың 17 пайызы – жастар

Еңбек нарығының елеулі бөлігін қай кезде де жастар қараған, ал олардың сан жағынан басымдылығы қоғамда оңды ігерілетуге есерін тигізер игі тұбылыс болып табылады.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Әрине, мәліметтер ресми деректер негізінде түзілгені, бұл қоғамымызда өткір мәселе болып тұрғанын мойындауымыз керек.

Жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,6%-ды құрап отыр. Әйелдер арасындағы жұмыссыздық ерлер арасындағыға қарағанда жоғарырақ: 4,4% және 2,9% (1-инфографика).

Жұмыссыздар санының неғұрлым көбірек өсімі Солтүстік Қазақстан (бір жылда 34,3%-ға) және Павлодар (33,9%-ға) облыстарының еншісінде.

Барлық жұмыссыз жастардың арасында 21,1 мыңы (бұдан бір жыл бұрынғыдан 21%-ға артық) 3 айдан бастап 6 айға дейін жұмыс іздеумен табан тозыралай екен.

Олардың тағы 21 мыңы 1 айлан 3 айға дейін (бір жылда минус 22%) жұмысқа тұруға тырысып бағатын көрінеді.

Олардың тағы 21 мыңы 1 айлан 3 айға дейін (бір жылда минус 22%) жұмысқа тұруға тырысып бағатын көрінеді.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

19-26 ақпан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*


Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 26 ақпанда теңгенің нарықтық бағамы апта ішінде 0,2%-ға (417,97-тен) нығайтып, бір АҚШ доллары үшін 417,02 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 19-26 ақпан аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының көпшілігінің серпіні төмен болды.

АКШ қазынашылық облигациялар кірістілігінің өсуі аясында жаһандық инвесторлардың тәуекел активтерінен шығуы байқалды.

АКШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты: Ресей рублі РФ валютамыз тұлғаларына бағытталған ЕО санкцияларының дайындау туралы хабарламадан аясында 0,7%-ға (74,05-тен 74,57-ге дейін) әлсіреді;

Жастар жұмыссыздығы, 15-28 жастағы адамдар саны, IV тоқсан (мың адам)




Жастар жұмыссыздығы, 15-28 жастағы адамдар саны, IV тоқсан (мың адам)

Table with columns: Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Шымкент қ., Түркістан, Батыс Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Нұр-Сұлтан қ., Қарағанды, Жамбыл, Алматы қ., Атырау, Қызылорда, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе. Includes sub-totals and totals.

Жастар жұмыссыздығы, 15-28 жастағы адамдар саны, IV тоқсан (мың адам)

Table with columns: Барлығы, 3 айдан 6 айға дейін, 1 айдан 3 айға дейін, 6 айдан 12 айға дейін, 1 айдан азырақ, Бір жыл және одан да көбірек, Жұмыс немесе бизнес туралы келісім қолында барлар.



- Индонезия рупиясы тәуекел активтеріне тәуекел-сентименттің жаһандық төмендеуіне иелігіне 1,2%-ға (14 065-тен 14 235-ке дейін) әлсіреді.
- Мексика песосы МБК кірістілігінің өсуіне байланысты АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаю аясында 2,1%-ға (20,43-тен 20,86-ға дейін) әлсіреді.
- Оңтүстік Африка ранды теріс тәуекел-сентиментті аясында 2,9%-ға (14,69-дан 15,12-ге дейін) әлсіреді;

* Иәууды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық деректердегі негізінде апта сайын дайындайды;

** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатпаушы дамушы елдердің валюталары.

БИЗНЕС & ҚОҒАМ

▶ ОТАНДЫҚ ӨНІМ



Импорттың орнын басуға оң әсерін тигізеді

Түркістан облысының спортшылары, дәрігерлері мен мектеп оқушыларының арнайы формалары «Turkistan Textile» «БК» фабрикасында тігіледі.

АЙЖАН ЖАСБАТЫРКЫЗЫ

Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев рекордтық қысқа мерзімде іске қосылған тігін фабрикасында болды. Отандық өнімнің үлесін арттыруға иқпал ететін әлеуметті маңызды бар кәсіпорын, білім беру және медициналық мекемелер мен дене шынықтыру және спорт басқармаларымен бірлесіп жұмыс істеп, жергілікті қамту үлесін арттыруға иқпал етпек.

«Бүгінгі таңда Үкіметтің негізгі мақсаты ішкі нарықты қорғау және ұлттық экономиканы дамыту болып табылады. Импортты алмастыру бағдарламасы аясында біздің ағдамызда импортқа тәуелділіктен арыла отырып, өз өндірісімізді барынша дамыту міндеті тұр. Осыған байланысты фабрика өнімі импорттың орнын басуға оң әсерін тигізеді», – деді облыс әкімі.

Облыс басшысы Өзбекстан Республикасымен Үкіметаралық өнеркәсіптік кооперацияны дамытуда осы жобаны іске асырудың тиімділігін айтқан болатын. Қысқа мерзім ішінде зауытта дайын өнімнің бай асортименті қалыптасты. Мәселен, төсек-орын түрлері, әртүрлі жұмыс киімдері, спорттық жабықтар, медицина қызметкерлеріне арналған формалар отандық мамандардың қолынан шығады.

Тұтынушы талабы ескерілген. Бағалар да қолжетімді. Өндірісте Вауоу және Jack фирмаларының 400-ге жуық заманауи құрал-жабдықтары қолданылды. Оның 333-і автоматтандырылған және соңғы үлгідегі тігін машиналары.

Өңделері, оның ішінде тұрмыс төмен обтасы мүшелерін жұмыспен қамту мақсатында іске қосылған әлеуметтік жоба барысында бүгінгі күні 72 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. 180 адам осы жерге жұмысқа орналау үшін тігіншіліктің қырсырын меңгеруде.

▶ ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Азаматтарға арналған үкіметте жеке менеджер қызметі іске қосылды



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мемлекеттік қызметтері жеңіл және жедел алуға мүмкіндік беретін сервистер қатарын қобейтуге. Олардың қатарында порталда автокөлікті онлайн қайта тіркетін автоуәкілдер egov.kz, үйге жеткізу арқылы автоөлшемді белгілер мен техпаспорттарға тапсырыс бере алады.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Енді Азаматтарға арналған үкімет қазақстандық бизнестің қажеттіліктерін қарастырып, «дербес менеджер» сервисін іске қосты. Дербес менеджер – бұл клиентке жеке қызмет көрсету, клиенттің міндеттерін шешудің тиімді құралдарын, тиімді және стратегиялық дұрыс жолдарын табу міндеті бар маман. Осы жоба шеңберінде жеке және заңды тұлғалар Мемлекеттік қызметтерді Халыққа қызмет көрсету орталықтарына бармай-ақ ала алады, дербес менеджер тек түпкілікті нәтиже бере отырып, барлығын өзі жасайды.

«Дербес менеджер көрсететін қызметтерді алу үшін Мемлекеттік корпорация мен қызмет алушылар арасында бекітілген баға преференциясын бойынша қызмет көрсетуге шарт жасалады. Дербес менеджердің сервисін жеке тұлғалар, ірі бизнес, екінші деңгейлі банктер, құрылыс компаниялары және т. б. өкілдері пайдалана алады. Қызмет нәтижесін қызмет алушы айтқан жерге дейін әкеліп береді. Келісім-шартты 1 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге жасасуға болады», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалының директоры Данияр Қырықбаев.

«Дербес менеджер» сервисін енгізу ХҚО-ға түсетін жүктемені азайтады және қызмет алушылардың уақытын үнемдейтін көрінеді. Қазіргі таңда дербес менеджерлер фронт-офистерде отыр. Алдағы уақытта дербес менеджерлер келісім бойынша құрылыс компанияларында да отыратын болады.

▶ БАҒДАР

Су ресурстарын тиімді пайдалану – уақыт талабы

Бүгінгі таңда шифрландыру тиімді дамудың негізгі факторына айналуда. Заманауи шифрлық технологияларды әртүрлі салаларға және өндіріске енгізу процесі тұралы жүйелі ақпарат алуға, оны жан-жақты талдауға және сондай-ақ жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

НҰРЛАН ҚУМАР

Шифрландыру перспективаларын ескере отырып, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазушар» РМҚ су ресурстарын тиімді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында инновациялық тәсілдерді енгізу арқылы жобаларды іске асырып келеді.

Бұл шаралардың өзектілігі 2020 жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарын тұрақты суару үшін қоршау 9,7 текше шақырым суды құраумен байланысты. Бұл ретте бүгінгі күні фермерлерге берілген судың нақты көлемі 7,6 текше шақырымды құрайды. Осылайша, су беру үдерісінде судың шығыны 2 текше шақырымнан асады немесе су алуын жалпы көлемінің 22 пайызын құрайды. Сондықтан желдел су есебін жүргізу қажеттілігі бар.

Осы жағдайды шешу үшін Қазушар Су шаруашылығы инфрақұрылымын шифрландыру бойынша неғұрлым тиімді техникалық шешімдер мен жүйелі тәсілді айқындау мақсатында бірқатар пилоттық жобаларды іске асырды.

Мәселен, сәтті пилоттық жобалардың бірі Түркістан облысының Мақтарал ауданындағы К-19 шаруашылық аралық суару каналында суармалы су шығынын есептеуді шифрландыру және технологиялық процестерді автоматтандыруға негізделген. К-19 каналының ұзындығы 12 шақырымға жетеді. Канал суармалы жерлердің ауданы 3628 гектар болатын 328 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді суармалы сумен қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, меморандум аясында австралиялық «Рубикон» компаниясымен бірлесіп К-32 шаруашылықаралық каналында



автоматты су есептеу бойынша пилоттық жоба іске асырылды. Оның ұзындығы 3 шақырымға жетеді.

Енді кәсіпорын арналарды автоматтандырудың 5 жылдық жоспарын жүзеге асыруға кірісті. Жоспарға Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарындағы жалпы су жинауы 6 текше шақырым және ұзындығы 2830 шақырым болатын 119 негізгі магистральдық және шаруашылықаралық арналар енгізілген. Биылғы жылдың өзінде 23 арнада автоматтандыруды жобалау және оның 9-на құрылыс-монтаждау жұмыстары жоспарлануда. Жоспарды іске асыру 412 мың гектар суармалы жерге 9 мыңнан астам фермердің суын шифрлық есепке алуға қамтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, кәсіпорын суды коммерциялық және технологиялық есепке алу процесін шифрландыруға ниетті. Ол үшін «Суы есепке алу бойынша бірінші деректер базасы» ақпараттық жүйесінің жобасы әзірленуде. Қолданыстағы және енгізілетін автоматтандыру жүйелерін ортақтандыру

үшін су шаруашылығы инфрақұрылымын ақпараттық ортақтандыруды бірінші шифрлық жұмыс кеңістігіне енгізу жоспарланған. Жүйе суды есепке алумен және реттеумен байланысты технологиялық процестерді ортақтандырып диспетчерлендіруді көздейді. Сондай-ақ, су пайдалануға арналған электронды кабинетті құру қолға алынды, бұл фермерлерге смартфондарда жеткізілетін судың сепімі көлемін смартфондардан көруге және қолма-қол ақшасыз төлем жасауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, сумен жабықтау төлемдерін банктік аударымға ауауру жүзеге асырылуда. Халық пен Кәсіпий банкінің техникалық қолдауымен кейбір бөлімшелерде оң тәжірибе бар. Максат – бұл процесті қолжетімді ету, яғни бірнеше рет бас арқылы барлығы бірден жасалуы мүмкін.

Суармалы жерлердің есебін мониторингіне, сондай-ақ суару жүйелерін рұқсат етілген су алуын жолын кесуге қатысты кәсіпорын «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ, Назарбаев университеті және С.Сейфуллин

атындағы Қазақ агротехникалық университетімен бірге Қызылорда облысында суармалы жерлерді космомониторингтеу бойынша пилоттық жобасы іске асырылды. Пилоттық жоба нәтижесінде Жалағаш ауданында су тұтынушылар мөлшерін күрші егілетін алқаптарының 120 гектарға артық анықталды.

Басқа шаралар туралы айта болсақ, Қазушарға «Docuementolog» электрондық құжат айналымы жүйесі енгізілді. Бұл айтарлықтай дәрежеде кәсіпорын орталық аппараты мен филиалдарының бизнес-процестерін оңтайландырды, ал бүкіл қағаз құжат айналымы электрондық форматқа көшірілді. Мемлекеттік органдармен интеграция қамтамасыз етілді. Кәсіпорын енгізген тағы бір «цифрлық» жоба қызметтік автокөліктің GPS-мониторингі болды. Пилоттық жобаның нәтижесінде көлік шығындарын 48 пайызға үнемдеуге мүмкіндік туы.

Бүгінгі күні GPS-мониторинг жүйесінде 707 қызметтік көлік пен арнайы техника қосылды, бұл автомобиль паркінің жалпы көлемінің 84,3 пайызын құрайды.

▶ ТУҒАН ЖЕР

БЕСШАТЫР ҚОРҒАНДАРЫ

Бесшатыр қорғаны біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта қазіргі Қазақстан аумағында мекендеген көне сақтардың табынатын орны болған. Мұнда 2 шаршы км. алаңда Бесшатыр мазараты – сақтардың, көне Жетісу халқының монументтілік және композициялық күрделілігі жағынан ең сәулеті археологиялық ескерткіші орналасқан. Мазарат солтүстікке қарай 2 км, шығыстан батысқа қарай 1 км созылып жатыр және Іле өзенінің бастауы Жетісуда, «Атланемел» мемлекеттік ұлттық саябағының аймағы Алматы қаласынан 170 км қашықтықта орналасқан. Қорған диаметрі 8-ден 70 метрге дейінгі, биіктігі 2-ден 20 метрге дейінгі 18 салтанатты ободаи тұрады. Қорғанның барлық обалары бір үлгідегі және қалың жабу түріндегі күрделі құрылымда болып келеді.



Құрылтайды және шығарушы: «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» Жауапкершілігі шектелген серіктестігі

Бас редактор Нұржан ҚУАНТАЙҰЛЫ

Бөлім редакторлары: Ботагөз ӘБДІРХЕЙКЫЗЫ, Исатан ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚУМАР, Гүлмира МЕРАЛИНА Бетеуіш: Ернар ОРМАНОВ

АҚПАДАСТАР АЛҚАСЫ: АЛШАНОВ Рахман, ӘБДИМАННОВ Саркынғали, БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетпісбай, ЕСПОЛОВО Телекес, ҚАЛИЕВ Габи

Тапсырыс: 1509. Таралымы: 5000. Газет атпасына 1 рет шығады. Газет «Дәур» РТБҚ ЖШС-да басылады. Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй. Тел.: 273-50-53.

МЕМЕН ЖАЙЫЛЫ: 050013, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, 175-А кәсіпкер 403-Бөне (Гөшірме) тел: 273-67-04 404-Бөне (Іс-шаралар) тел: 267-36-34 факс: 272-86-11

E-mail: kazak@tenge.kz www.tenge.kz